

МРНТИ 14.91.00Бегалиева Г. М.,¹ Рахимбаева Г.Қ.²^{1,2}«Тұран-Астана» университеті

Нұр – Сұлтан, Қазақстан

E mail: ¹danabegaliyeva@mail.ru

Нұрдаулет Ақыш шығармаларының тақырыптық – идеялық сипаты

Аннотация: Автор бұл мақалада жазушы Нұрдаулет Ақыштың шығармаларының тақырыптық-идеялық сипатын қарастырған. Жазушы Нұрдаулет Ақыш әртүрлі тақырыпта қалам қозғаған, шығармаларының көбісі балаларға арналған. Шығарманың тақырыбы идеясымен үндестік тапқандықтан, жазушының айтпақ болған негізгі ойын тез аңғаруға болады.

Түйінді сөздер: педагогика, педагогикалық тәрбие, жазушы Ақыш, қалам қозғау, шығармашылық, жазушының ойын, әдебиеттанушы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2021-61--43-51>

Танымал әдебиеттанушы – ғалым, балалар әдебиетінің жазушысы, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұрдаулет Ақыштың еліміздің әдебиеті мен мәдениетіне жалпы ғылым саласына қосқан үлесі орасан зор. Нұрдаулет Ақыш өзінің шығармашылықтағы сара жолын балалар

әдебиетіне әңгімелер жазудан бастаған. Жазушының тырнақ алды әңгімелерінің бір лебі мектеп оқулықтарында кездеседі

Сондай әңгімелерінің қатарында «Ақ кесте», «Нағыз әже қайда?», «Сурет пен ұшқалақ», «Әбдіреден шыққан қылыш», «Сабалақ ит», «Іні», «Момақан қыз», «Құттықтау жәшігі», «Құз хикаясы» «Ықылассыз бозбала» т.б. бар. Бастапқыда бірнеше туындыларын тек газет бетеріне, журналдарға ғана жариялады. Н.Ақыш балалар әдебиетінде ертегі жанрына да көп көңіл бөлген. Ертегілерінің кейбірі мектеп оқушыларына әдебиет хрестоматияларынан танымал.

«Жұмбақ іздер» атты повесі тек өз елімізде ғана емес, қазіргі уақытта шет ел оқырмандарының арасында да көп оқылымға ие болған бірден-бір шығарма. «Жұмбақ іздер» повестінің басты кейіпкерлері – өмірдің сырын білуге құштар, тынымсыз, ел алдындағы борыштарын тереңінен түсіне білетін, Кеңес заманының мектептерінде білім алған оқушылар. Туған жердің өткен тарихына Жанболат пен Әділ қызықса, ал қалғандарының өздерінше халқының алдындағы жауап-кершіліктерін сезініп, арам пиғылды адамдардан шекараны қорғауы.

Повестегі оқиғалар былайша өрбиді: алғашында – Әділ мен Жанболаттың құпия үңгірдегі жазуларды зерттеуге аттануы, оларға ілесіп, кейіннен бұл топқа қосылған Бақыт пен Гүлмираттың іс-әрекеттері, артынша – Бақыттың үңгірге баратын жолды жалғыз іздеп кетуі; соңында – жас шекарашылар отряды мен оның мүшелерінен құралған топтың: Нұржан, Қайрат пен Төкеннің әрекеттері. Батылдық пен ерлікке, өмірдің сырын танып білуге құштар балалар үшін бұл жылғы пионер жазы – зұлымдыққа қарсы тұра алуды үйреткен, өмірді, адамдарды терең түсіну қажеттігіне үндеген, батылдық пен жігерлі болуға шыңдаған ерекше жаз. Балалардың

белсенділігі, бірлескен батыл қимылының арқасында шекараны бұзғандар қолға түседі.

Повестің негізгі идеясы – өскелең кейінгі ұрпақты Отанды, елді сүйге тәрбиелеу, білімге құштарлықтарын ояту, қырағылыққа баулу-үйрету. Повест кейіпкерлері: Әділ, Жанболат, Бақыт, Гүлмират, Нұржан, Қайрат, Төкен бейнелерінің іс-әрекеттері арқылы тәрбиелік мәні зор бұл мақсаттар жүзеге асады [1].

«Нағыз әже қайда?» деген әңгімесінде апалы-сіңлілі Ая мен Райханның ертегі айтатын әжені аңсауы. Қазіргі әжелермен, бұрынғы әжелердің айырмашылығын, бұрынғы әжелеріміздің қандай дана, мейірімді, ақкөңіл, үнемі күлімдеп жүретінін көрсету болған. Әңгімедегі қаладан келген әже арқылы қазіргі заманғы немереден алшақ өмір сүріп жүрген әжелер бейнесін жасап бергендей. Немересін бауырына басып, ақылын айтып отыратын ақ жаулықты әжелер орнына қаланың «заманауи» үлгісіндегі «бабушкалардың», әжелердің келіп жатқанын жеткізгендей. Кіп-кішкентай ғана қыздардың әженің нақ өзі керек деп, қалалық әжені жатырқауы ащы да болса бүгінгі қоғамның бір бейнесін көрсетеді ... [2].

Байқап отырғанымыздай, Нұрдаулет Ақыштың қаламынан туындаған әңгіме-қихаяттар, повесттердің бағыты сан алуан. Әрбір тақырыптың астарына үңіліп, мән-мағынасына көңіл бөлетін болсақ, оқырманға ой салып, идеясын нақты көрсетеді. «Мәңгі алауға айналғандар» атты әңгімесінде кеше ғана ауылдың шаңында асыр салып, әжесінің, көкесі мен анасының жанынан алысқа ұзап кетпей, осы «аты өшкір» соғыстың кесірінен елден ұзап жаумен алысып жатқан солдаттардың өмірі суреттеледі. Өмір үшін арпалысып жатқан жап-жас солдатқа өлімнің табан астында екені, сол сұрапыл соғыс даласында елден бірге келген майдандастарының жан тапсыруы, өлер алдында қоштасуға да шамаларының болмайтындығы

көрсетіледі. Туған жер, ата-ананың, тіпті адам өмірінің қадірін ұғындырады.

«Зары өткен перзент» әңгімесіндегі алпысқа тақап қалған жасында, артымнан ізімді жалғайтын ұрпағым қалса деп, күндіз-түні алладан жалбарынып дұға сұраған Бәбе шопанның бір перзентке зар болып жүрген кезінде, қонақ болып келген Тоқтағанның «әлі де ... сіз, немене, шал болдым деп тұрсыз ба, алпыстан ассаңыз да, әлі тыңдайсыз. Мүмкін, жастау біреу кезіксе, бала да таптырарсыз» деп ой салуы.

Әңгіменің соңында Бәбеңе Нұржамал атты әйелінің ұл тауып беріп, көптен бергі арманының орындалуы. Селолық кеңестің төрайымы Шәрипаның дүниеге келген сәбиге «Зарықхан» деп ат қоюы баяндалады. «Зарықхан» деп қойылған бала есімінің «Нұрдаулет» болып ауыстырылуы. Себебі: бұрыннан баланың есімі тағдырына әсер етеді деген түсінік қалыптасқан.

«Сезім үні», «Қараңғыда берілген көрімдік», «Қалмақтан қашқан Қыстаубай», «Көнбіс бәйбіше», «Жалғыздың шешесі», «Қадірсіз қоңыр», «Қалалық емес қарт», «Қазақи қалау», «Қиянда», «Үнсіз қоштасу», «Жігіт таңдаудың шебері», «Махаббатпен арашалау» атты әңгімелері де қазіргі уақытта өз оқырмандарын тапқан шығармалар [3].

Нұрдәулет Ақыш - өз аудиториясының оқырмандарының қыр-сырын әбден зерттеп, оларды шебер де көркем жеткізе білетін жазушы. Оқырманының ұғыну, түсіну, сезіну, ойлау, түйсіну қабілеттеріне сай өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғаларды боямасыз-ақ, әсірелеусіз-ақ балаға, жеткіншекке таныс жағдайларды нақышына келтіріп тұрып тарту етеді.

«Бір-бірін көрмей үйленген» деген әңгімесінде оқиға желісі былай баяндалады. Бірінші - Үдербайдың анасы мен алғашқы әйелінің тіл табыса алмауы, екінші - ағасындай

көретін Смағұлдың «Қарт енесін сыйлай алмаған келіннен не үміт, не қайыр?» - деп, ажыратуы. Үшінші – Смағұл ағасының қызын Үдербайға аяқ-астынан айттырып, қалыңдыққа алып беруі. Өзінің үйленетінен хабарсыз болған Үдербайдың бұрын-соңды мүлдем көрмеген, танымаған қызбен отбасын құрып, бақытты өмір сүруі.

«Учаскелік алыпсатар» шығармасындағы сол кездегі күн көріс қамы анық көрсетілген. Шығарма бір оқығанда күлкілі жанрда көрінгенімен, астарында қоғамның ащы бір шындығын байқауға болады. Ашуланса, ауыр сөздерді аямай төгіп тастайтын көкбеттеу, құрбыларының ішінде көзге бұрын түсетін сұлулығымен немесе майысқан мінезімен емес, кез-келген құрбысында кездесе бермейтін ірілеу, мол денесімен белгілі бике - Шағымша апай, апайлардың ішіндегі ең жасы Епбике бикенің бейнелері керемет жеткізілген.

Қазіргі қоғамда болып жатқан, күннен-күнге енгізіліп жатқан жаңалықтарға байланысты халықтың бұрынғы тұрмыс-тіршілігін өсіп келе жатқан ұрпақ, жастар буыны ұмытып бара жатқан шақта, Н.Ақыштың осы тақырыптағы шығармаларының болуы өте орынды. Себебі, бүгінгі күннің оңай келмегенін білген кезде ғана біздің жастарымыз кез-келген жағдайда еңбекті бағалауды, әрбір жетістіктің қадірін білетін болады.

Біршама шығарамаларымен таныса келе байқағанымыз, автордың тілі, барлық оқырмандарының соның ішінде балаларға арналған әдебиеттегі кейіпкерлерінің бейнесін бейнелеудегі шеберлігі, образды ашудағы поэтикалық қуаты өте ерекше. Мысалы, жоғарыда келтіріп кеткен әңгіме, повестеріндегі идеялық-тақырыптық ерекшелік, сюжеттік - композициялық құрылыстары әрбір шығарманың мәтінінде айқын көрініс тауып, мән-мағынасын аша түскен.

Нұрдаулет Ақыштың балаларға арналып жазылған шығармаларының көбісі кеңестік кезеңде жазылғанымен, ой желісі, көтерген мәселесі, оның өзектілігі әлі күнге дейін ескірмеген. Балалар әдебиеті - балалар өмірінің энциклопедиясы. Ең бастысы - балалардың рухани мәдениетін байытып, туған елі мен жерін сүйуге, ата-анасын сыйлау, үлкенге құрмет көрсету, имандылыққа тәрбиелеу.

Себебі: қай тақырыптағы шығармасын алсаңызда, ұлттық әдебиетімізге тән көркемдіктің, өткір тілді шешендіктің иісі аңқып, естір құлаққа сіңімді ұғынықты етіп жеткізуінде. Балалардың танымын кеңейтетін автор шығармалары сюжеттік желісі жағынан сан алуан болса да, тағылымдық-тәрбиелік мәні өте зор. Оқырмандардың ойлау, түйсік, түсіну қабілеті суреттеліп отырған оқиғаның, көркем образдың нақтылығы, дәлдігін көрсету үшін өз өмірінің айналасынан алуды қажет етеді. Сөз болатын оқиғаның барысында әсер беретін лиризм болуы керек. «Сөз – әдебиеттің құрылыс материалы» - деп, К.А.Федин айтқандай, балалар әдебиетінің тілі ойнақы, жеңіл әрі көркем, қысқа да мейлінше түсінікті, айқын да дәл, әрі әсерлі болуға тиісті. Себебі, балалар әдебиетінің тілі олардың сөздік қорын байытуға жәрдемдесетін бірден-бір құрал.

Балаларға арналған ірі туындылардың идеялық-эстетикалық қырларын халық педагогикасының көзқарастарын, өмір тәжірибесін, қоғам талабын, жазба әдебиетке тигізген әсері, дәстүрлік мәселесі, зерттеу жайын нағыз мамандар ғана тұжырымды түрде жеткізіп бере алады. Жазушы Нұрдаулет Ақыш осы талап биігінен табылуға тырысқан.

Н. Ақыштың балаларға арналған шығармалары – оқиғалар түйіні, тосын шешіммен қызғылықты. «Киелі көлдің қарақшылары» хикаяты жас натуралистердің әрекетін шытырман оқиға негізінде баяндайды. Бұл - әлем

әдебиетіндегі ең оңтайлы көркемдік тәсіл, оқырманды үйірудің тамаша үлгісі. Ал, «Құз хикаясы» деген шығармасында өскелең ұрпақты адалдыққа, батылдыққа, өмірді сүйе білуге үндейді. Бұл - қазақ прозасында бұрын-соңды көп айтылып, қозғалмаған альпинизм саласы жөнінде. Автор өмірбаянына зер салсақ, ол кезінде мектепте мұғалім, пионер лагерінің жетекшісі болып қызметтер атқарған. Сондықтан да балалармен тығыз араласып, олардың жан сырына терең үңіліп, олардың психологиясын зерттеп, ізденгені тайға таңба басқандай байқалады.

Жазушы тілге, әрбір сөзге аса сақтықпен, асқан жауапкершілікпен қарайтыны аңғарылады. Сондықтан да, көркем тілді ұштай түсіп, бейнелі етіп қолдануға ұмтылатын жазушы қаламынан туған тың теңеулер мен тіркестерге көптеген сыншылардың назар аударуы тегін емес. Соның өзінде ол балаларға арналған шығармаларды ұғынықты, оқуға жеңіл тілмен жазуға тырысады. Оның «Жұмбақ іздер» (1977), «Таң алдындағы дабыл» (1985), «Батпақты тоғай басында» (1986), «Киелі көлдің қарақшылары» (1987) повестері кезінде «Жалын» баспасының жабық конкурсында жүлдегер атанған.

Жазушының шығармаларындағы тақырыптық-идеялық сипатты ашу үшін, адам бойында аса бір қасиеттің болуы шарт емес. Н. Ақыштың әңгіме-хикаяттары жалпы шығармашылығы әдебиетімізде құндылығын ешқашан жоймайтындығына, бүгінгі күннің жас оқырмандарынан бастап әдебиет саласының майталмандарына да қызмет ететіндігіне, олардың рухани қажеттіліктеріне азық болады деген ойдамын.

Расында да, жазушы болудың қандай қиын екендігі туралы қаламгерлер қауымы да, әдебиетші - ғалымдар да жиі айтып жүр. Проза өзге жанрлардан қасиетіне қарай ерекшеленіп тұрады, ал соның ішіндегі балалар әдебиеті -

көбіне бағына бермейтін күрделі сала. Осы ретте, Нұрдәулет Ақыштың балдырғандарға арналған шығармалары ойлылығымен ерекше және танымдылығымен тамсандырады.

Әдебиет тізімі

1. «Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
2. Қазақ әдебиеті (5 сынып) А.С. Ақтанова, А.Қ. Жундибаева. - Алматы: «Атамұра» 2017. -160 б.
3. Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. -576 б.
4. <http://qamba.codeo.kz/site/author/nurdawlet-aqysh/>

Begalieva G.M.¹ Rakhimbaeva G.K.²

^{1,2}Turan-Astana University

Nur-Sultan, Kazakhstan

E-mail: ¹danabegaliyeva@mail.ru

Annotation: In this article, the author considered the thematic and ideological nature of the works of the writer Nurdaulet Akysh. The writer Nurdaulet Akysh created a pen on various topics, many works are dedicated to children. Due to the fact that the theme of the work has found harmony with the idea, you can quickly understand the main idea of the writer.

Key words: pedagogy, pedagogical education, writer Akysh, pen movement, creativity, writing game, literary critic.

References

1. "Kazakh literature. Encyclopedic reference book. -Almaty: Aruna Ltd. LLP, 2010.
2. Kazakh literature (5th grade) A. C. Aktanova, A.K. Жундибаева. – Almaty: "Atamura" 2017, -160 p.
3. Kazakh literature: encyclopedic reference book. -Almaty: Aruna Ltd. LLP, 2005. -576 p.
4. <http://qamba.codeo.kz/site/author/nurdawlet-aqysh>.

Бегалиева Г.М.,¹ Рахимбаева Г.К.²

^{1,2}Университет «Туран-Астана»

Нур-Султан, Казахстан

E mail: ¹danabegaliyeva@mail.ru

Аннотация: В этой статье Автор рассмотрел тематико-идейный характер произведений писателя Нурдаулета Акыша. Писатель Нурдаулет Акыш создал перо на разные темы, многие произведения посвящены детям. В связи с тем, что тема произведения нашла созвучие с идеей, можно быстро понять основную мысль писателя.

Ключевые слова: педагогика, педагогическое образование, писатель Акыш, движение пера, творчество, писательская игра, литературный критик.
